



ТӘЖІКСТАН ПРЕЗИДЕНТІНІҢ САПАРЫ БАСТАЛДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанға мемлекеттік сапармен келген Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмонды елорда әуежайында қарсы алды. Мәртебелі қонақтың құрметіне әуежайда құрмет қарауылы сап түзеп тұрды.

Сапар аясында бүгін жоғары деңгейдегі кеңестер жүргізіледі және бір-

қатар маңызды құжатқа қол қойылады деп жоспарланып отыр.

ТАРЛАНБОЗ ТӘЛІМГЕР ТАҒЫЛЫМЫ

Академик Зәки Ахметов – ұлттық әдебиеттану ғылымы тарихында, әсіресе қазақтың өлеңтану, абайтану, әуезовтану тәрізді күрделі салаларында салмақты, сүйекті еңбектер қалдырған айтулы оқымысты.



6
БЕТ

АЛАТАУДАН ЖЕТКЕН АСЫЛ ӨНЕР

Алматыдағы Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театрының халық бұрыннан бері «әкемтеатр» атап кеткен. Себебі бұл театр – қазақ өнерінің қара шаңырағы. Небір өнер майталмандары осы театрда еңбек жолын бастады.



8
БЕТ

ТАУ-КЕН САЛАСЫНЫҢ ТҮЙТКІЛДІ ТҮСЫ



Ел қазынасын молайтып отырған санаулы сала бар екені бәріне белгілі. Оның бірі мұнай болса, келесі маңыздысы – тау-кен өнеркәсібі. Әйтсе де, аталған саланың мәселесі бастан асады. Пайдасы мол болғанымен, дендеп көңіл бөлінбегенге ұқсайды. Ескірген технологияны «ескек» етіп жүрген өнеркәсіпке қолдау керек-ақ.

БАРЛЫҒЫ БАРЛАУДАН БАСТАЛАДЫ

Ең алдымен тау-кен өнеркәсібі ел экономикасын дамытуға атсалысып қана қоймай, 273 мың адамды жұмыспен қамтып отырғанын айта кеткен жөн. Сондықтан саланың мемлекет үшін маңызы зор.

(Жалғасы 5-бетте)

ШЕҢГЕЛДІНІ ШІРКЕЙДЕН ҚҰР ҚАҒАЗ ҚҰТҚАРМАЙДЫ

Түркістан облысына қарасты Отырар ауданының 55 мыңға жуық тұрғыны биыл тағы да шіркейдің шырмауында қалды. Былтыр дәл осы уақытта ауданға қарасты барлық ауылды шіркей басып, жұрт көшеге шыға алмай қалған. Төрт түлік мал мен егін шаруашылығымен жан бағатын жұрт ерте көктемнен бастап, жаздың бел ортасына дейін үсті-басын тұмшалап, шіркеймен арпалысып шыққан.

7 >>



ФУТБОЛ ӘЛЕМДІ БІРІКТІРЕДІ

Мемлекет басшысы Халықаралық футбол федерациясының президенті Джанни Инфантиноны қабылдады.

Кездесу барысында Қазақстан футболының әлеуетін арттыру, сондай-ақ балалар мен жасөспірімдер спортының дамуы мәселелері талқыланды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Джанни Инфантиноны ФИФА президенті лауазымына қайта сайлануымен құттықтап, бүкіл әлемде, сондай-ақ елімізде футболдың дамуына қосқан өлшеусіз үлесі үшін алғыс айтты.

Мемлекет басшысы ФИФА-мен арадағы ынтымақтастықты кеңейту перспективасына жоғары баға берді.

– Сіздің сапарыңыз Қазақстан футболының дамуы тұрғысынан өте маңызды деп санаймын. Әлемде ең танымал спорт саналатын футболдың дамуында ауқымды іс атқарып жатқаныңызды білемін. Сіздің еңбегіңізді құрметтейміз және ФИФА президенті ретінде қолдаймыз. Біз ФИФА-мен және жеке өзіңізбен ынтымақтастықты нығайта түсуге дайынбыз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Джанни Инфантино ФИФА-ның үздік халықаралық тәжірибесін бөлісуге және Қазақстандағы футболдың дамуына атсалысуға дайын екенін айтты.

– Еліңізге бірнеше рет келгенмін, бірақ ФИФА президенті ретінде алғаш рет келіп тұрмын.



Мемлекет басшысының айтуынша, Қазақстанда 1 миллионнан астам адам футболмен жүйелі түрде шұғылданады. Бүгінде еліміздің барлық аймағында 17 футбол орталығы және 2 академия жұмыс істейді. Онда 7 мыңнан астам бала жаттығады.

Джанни Инфантино ФИФА-ның үздік халықаралық тәжірибесін бөлісуге және Қазақстандағы футболдың дамуына атсалысуға дайын екенін айтты.

– Еліңізге бірнеше рет келгенмін, бірақ ФИФА президенті ретінде алғаш рет келіп тұрмын.

Осы себепке орай сізбен кездесіп отырғаным қуаныштымын. Бұл тамаша елдегі әрбір футбол жанкүйері сияқты Сіз де футболды ұнататыныңызды білемін. Біз бірлесіп отырып, көптеген ауқымды істерді атқара аламыз. Қазақстан тек аймақта ғана емес, әлемдік деңгейдегі өте маңызды елге айналды. Қазақстан – ФИФА үшін сенімді серіктес. Біз бірге жұмыс істеуіміз қажет. Себебі осы елдегі, сондай-ақ басқа елдердегі қоғамды футбол арқылы біріктіру үшін мүмкіндік мол, – деді Джанни Инфантино.

ИНТЕРНЕТТІ РЕТТЕУ ШЕКТЕУ МЕ?

Тарихта болмаған заң қабылданбақ: билік онлайн-платформаларды және интернет-жарнаманы реттеуге кірісті. «Бұл не үшін қажет бола қалды? Интернеттегі демократияны тағы шектей ме?» деп, жұртшылық тіксінуі мүмкін. Биліктің қандай түсініктемесі бар? Елде бұл тұрғыда не өзгереді? Мысалы, Үкімет адам құқығын қорғауды автоматтандыруға, оны жасанды интеллектің модерациясына беруге тыйым салу қажет деп санайды. Мемлекеттің тілдің ғаламтордағы өрісін кеңейту, онлайн алаяқтықпен күрес те осы реформа аясында жүргізіледі. Осы салаға қатысты заңнама түзу арқылы Қазақстан дамыған елдердің үлгісін қабылдауы мүмкін.

ТҮРІКТІН ТӘЖІРИБЕСІ

Бүкіл әлемде ақпараттық технологиялар өркен жайған заманда адамзат әлеуметтік желі арқылы тілдесіп, жаналығымен бөлісіп, сол арқылы өзара қарым-қатынасқа түсуді көбірек таңдай бастады. Бірақ GeekBrains интернет тұғырнамаларды дамыту жөніндегі сарапшысы Александр Сагунның түсіндіруінше, тіпті дамыған елдердің заңнамасында «әлеуметтік желі» деген ұғым жоқ көрінеді.

Мысалы, Сингапур оларға қатысты төл заңнамасында «интернет-делдал» терминін пайдаланады. Ал АҚШ пен Еуропада «интернет-платформа» ұғымы енгізілген. Қазақстан да осыны үлгі етпек.

(Жалғасы 4-бетте)



ӨЗЕНДЕ ӨЛЕКСЕ ҚАЛҚЫП ЖҮР



Есіл өзенінің Атбасар ауданы тұсындағы бірнеше ауылдың тұрғындары дабыл қақты. Сәуір айының басында суға кеткен малдың өлекселері әлі күнге өзеннен шығарылмаған екен. Аталған мәселе аудан әкімдігі мен басқа да құзырлы органдардың назарынан тыс қалғандай. Өлексенің қолқаны қабатын иісіне әбден тұншыққан көпшілік бұдан экологиялық жағдай тіптен нашарлай түсер деп алаңдаулы.

7 >>





АЛҒАШҚЫ ДӘРІСКЕ 1,5 МЫҢ АДАМ ҚАТЫСТЫ

«АМАНАТ» партиясы мен Nalyk Bank қолға алған «Қарызсыз қоғам» қаржылық сауаттылықты арттыру жобасына 1,5 мыңға жуық отандасымыз қатысып жатыр. Осы аптада алғашқы дәріс өтті.

Партия хатшысы Эльдар Жұмағазиев жобаға қатысушылар қаржылық мәселелер қалай пайда болатынын, дәл қазіргі уақыттағы қарыздар санын азайтудың қандай жолдары бар екенін, алаяқтардың негізгі алгоритмдерін, несиелік тәртіп мәселелерін және тағы да басқа жайттарды зерделейтінін атап өтті.

«Осындай жобаның қажет екені бұрыннан байқалып келеді. Қарызға белшеден батқан көп адам оған өз бетінше құтыла алмайды. Тіпті, қайда барып, кімнен көмек сұрайтынын да білмейді. Бұл – әсіресе ауылдық елді мекендердің тұрғындары үшін өте өзекті мәселе. Сондықтан бірінші кезекте курстар облыс орталықтарында емес, аудандарда өтеді», – деді ол.

Жобаға қатысушылар күндізгі форматта сауатты арттырып, бір топта 50 адамға дейін

оқытылады. Оқу процесінің ұзақтығы – 5 жұмыс күні.

Қаржы мамандарының дәрісінен бөлек, оқу процесіне қатысушыларға заңгер көмегі

рандумға қол қойған болатын. Жобаны Nalyk Bank қаржыландырады. Жобаның басты мақсаты – азаматтардың, әсіресе берешегі бар қарыз алу-



көрсетіледі. Олар әр қарыз алушының несие тарихын жеке-жеке зерттеп, қарыз жүктемесін жеңілдету бойынша тәжірибелік кеңес береді.

Еске сала кетейік, бұған дейін «АМАНАТ» партиясы Nalyk Bank-пен бірге «Қарызсыз қоғам» жобасының басталғанын жариялап, тиісті мемо-

шылардың (жеке тұлғалар) қаржылық сауатты арттыру. Оқыту жұмысы жыл соңына дейін жалғасады. Жобасы аясында алғашқы кезеңде Ақтөбе, Алматы, Түркістан, Солтүстік Қазақстан, Батыс Қазақстан, Жамбыл, Атырау және Маңғыстау облыстарының 80 мыңға жуық тұрғыны оқытылады.

КӨМЕК ҚОЛЫН СОЗДЫ



Шымкент тұрғыны Қуаныш Агбаев «АМАНАТ» партиясы Шымкент қалалық филиалында өткен қоғамдық қабылдауға келіп, тұрып жатқан үйіне жөндеу жұмыстарын жасауға мүмкіндігі жоқ екенін айтқан болатын. 79 жастағы анасы Алина әжей 1992 жылдан бері ескі үйде тұрып келеді. Жауын-шашынды болған күндері шатырдан су ағады. Қысты күні үйдің жылынуы қиын.

Көп ұзамай құрылыс жұмыстары басталып кетті. Үйдің шатыры түгелдей ауыстырылып, қабырғалары қайта сыланды. Әп-сәтте жаңа кейіпке енген үйдің иелері көмек көрсеткен «АМАНАТ» фракциясының

мүшесіне ерекше алғыстарын білдірді.

Қалалық мәслихат депутаты Абзал Зейнетаев қоғамдағы көмекке мұқтаж жандарға ұдайы қол ұшын беріп келеді. Ол әріптестерін жақсы істерге мұрындық болуға шақырды.

Айта кетейік, партияның қоғамдық қабылдау бөлімдеріне өтінішін айтып, көмек сұрап келетіндер саны артып келеді. Былтыр партияның қалалық филиалына 10 мыңға жуық адам әртүрлі талап-тілегімен келсе, жыл басынан бері азаматтар тарапынан 1 150 өтініш жасалған. Оларды қалалық мәслихат депутаттары мен сала мамандары қабылдап, мәселелерін тиісті органдарға жолдап, нақты шешім шығаруға атсалысып жатыр.

Назгүл НАЗАРБЕК,
Шымкент қаласы



Қала тұрғынының бұл өтінішін Шымкент қалалық мәслихатының депутаты, мәслихаттағы «АМАНАТ» партиясының депутаттық фракциясының мүшесі Абзал Ескендірұлы назардан тыс қалдырмады. Депутат қоғамдық қабылдаудан соң өтініш несінің үйінде болды. Жағдайды өз көзімен көрген А.Ескендірұлы үйге өз есебінен ағымдық жөндеу жұмыстарын жүргізуге уәде етті.

БАЛАЛАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІНЕ БАСА МӘН БЕРІЛЕДІ

«АМАНАТ» партиясы балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында «Балаларға арналған қауіпсіз және жайлы инфрақұрылым» акциясын қолға алды. Бұл шара «Бақытты отбасы» партиялық жобасы аясында ұйымдастырылып отыр.

Түрлі деңгейдегі мәслихаттардағы фракцияның және партиялық бақылау комиссиясының мүшелері білім беру мекемелеріндегі қауіпсіздік жағдайларын бақылап, бірқатар кемшілігі анықталды. Мәселен, Ақтөбе облыстық мәслихат депутаты Қайрат Сабыр мен партияның Ақтөбе облыстық филиалы атқарушы хатшысының орынбасары Әсел Сарманова №39 мектепке бақылау жұмыстарын жүргізу барысында қоршауы жоқ екенін анықтады. Кезінде кешенді салған уақытта мектептің артындағы қоршауы алынып тасталған екен. Енді бүгінге дейін ашық күйде тұр. Бұл жерде тұрғылықты жері жоқ адамдар мекен етіп, мектеп оқушыларына қауіп төндіреді. Мектеп үйлердің ортасында орналасқан. Ал жалғыз ғана кіреберіс жолдың алдында «Сара» моншасы және көлік жуу кешені орналасқан.

«Біздің мақсатымыз – қала аумағындағы ашық жатқан люктерге, аулаларды жарықтан-



дыруға, қозғалыс қауіпсіздігіне, мектеп асханаларының тазалығына мониторинг жүргізу. Балалардың қауіпсіздігі әрдайым басты назарда болуы тиіс», – деді Қайрат Сабыр.

Алдағы аптада «Сара» монша және көлік жуу кешені иесімен, жергілікті атқарушы органдармен, қалалық және облыстық мәслихат депутаттары және мектеп әкімшілігімен бірлесіп отырып, мектептің қоршауы мен өзге

де мәселелер бойынша кездесу жоспарланды.

Ал 11-шағынауданда орналасқан №35 мектеп аумағында тікенді сыммен қоршалған жылжымай орналасқан. Жылыжайды бұзу немесе шұғыл жөндеу қажет. Сондай-ақ электр желілерін тарту бойынша қауіп бар. Мұны қалалық мәслихат депутаттары анықтады. Кемшіліктерді жою бойынша жұмыстар жүргізіліп жатыр.

«АМАНАТТЫҚТАР» ИГІ ШАРАНЫҢ БАСЫНДА

«АМАНАТ» партиясының өңірлік филиалдары Жеңіс күні қарсаңында бірқатар игі іс-шара өткізуді қолға алды. «Ардагерлерді ардақтайық!» жобасы аясында партияның Жетісу облысындағы «Жастар Рухы» жастар қанатының белсенділері қайырымдылық акциясын ұйымдастырды.



Акцияның мақсаты – қарттарға әрдайым қол ұшын созу, олардың ертеңгі ел болашағы үшін еткен еңбегі мен өнегелі өмір жолынан тағылым алу.

«Қарттар – біздің асыл қазынамыз, еліміздің өсіп-өркендеуіне, бейбітшілікте өмір сүруімізге үлес қосқан асылдарымыз. Саналы ғұмырын тынымсыз еңбек етумен өткізген алдыңғы буын аға-апарларымыздың еңбегі ерен. Олардың өмір жолдары – бізге үлгі-өнеге. Біз сондай жандардың бірі, қала тұрғыны, зейнеткер Раиса Федоровнаның үйіне барып, көмек көрсеттік», – дейді «Жастар Рухы» ЖК облыстық филиалының белсендісі Дария Лийес.

Биыл мерейлі 90 жасқа толған Раиса Федоровнаны арнайы құттықтаған жастар тұлғаларының үйін, ауласын тазалап, қолғабыс етті. Айта кетейік, «Ардагерлерді ардақтайық!» жобасы аясында бүгінге дейін облыс көлемінде 50-ден аса акция ұйымдастырылды. Жастар қанатының белсенділері аталған акцияны алдағы уақытта да ұйымшылдықпен өткізуді жоспарлап отыр.

Партияның Солтүстік Қазақстан облысы филиалының қызметкерлері Жеңіс күніне дайындық аясында қалалық сенбілікке қатысты. Олар Петропавл қаласындағы Жеңіс саябағын коқыстан тазартып, қоршаған ортаны жақсартуға өз үлестерін қосты.

«Осындай акциялар үлкенге құрмет көрсететін дәстүрімізді паш етіп, тарихымызға деген құрметіміз бен Отанға деген сүйіспеншілігімізді арттырады. Жас ұрпақ бабаларымыздың ерлігі мен жасаған құрбандық-

тарын ұмытпауы үшін Ұлы Отан соғысына арналған әрбір ескерткішті қорғауымыз керек», – деп атап өтті «АМАНАТ» партиясының СКО филиалының төрағасы Әсем Рахметова.

Осындай игі іс-шараны «АМАНАТ» партиясының Қызылорда облысындағы филиалы да ұйымдастырды. Мұнда партия өкілдері TazaLike, «Ардагерлерді ардақтайық!» жобалары аясында Қызылорда өңірінің тарихи ерекшеліктерін айшықтайтын «Сыр-Ана» монументінің маңын коқыстан тазартып, ағаш отырғызды.

«Партиялық жоба аясындағы сенбілік жұмыстарының «Сыр-Ана» монументі маңынан бас-

тауына пана да, ана да болғанын көрсетеді. Тарихтан сыр шертетін монумент жанына келіп серуендеп дем алушылар да көп. Сондықтан егілген ағаштарымыз көгеріп, демалушыларға сая, қалаға көрік болады деген ойламыз», – дейді партия филиалының атқарушы хатшысы Ләйлі Төрепова.

«Ардагерлерді ардақтайық!» жобасы аясында облыстағы «Жастар Рухы» жастар қанатының белсенділері тыл ардагері, 85 жастағы зейнеттегі ұстаз Тұрлыбек Таумановтың үйінде болып, үй-жайын тазартып, батасын алып қайтты.

Сонымен қатар партияның өзге де аумақтық филиалдары,



талуының да мәні бар. Себебі «Сыр – Алаштың анасы» деп бекер айтылмайды. Жаугершілік замандарда қазақтар Сырдария бойын паналаған. Одан бөлек, Сырдарияның бойымен Жібек жолы керуені өткен және оның бойында тарихи қалалар орналасқан. Монументтің дария бойына орналасуы Сырдария өзе-

бастауыш партия ұйымдары, «Жастар Рухы» жастар қанаты да сенбілік жұмыстарына белсенді қатысып жатыр. Олар «Мәңгілік алау» және басқа да тарихи ескерткіштер мен скверлерде, сондай-ақ Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің үйі мен ауласын тазалау, ағаш отырғызу жұмысына қатысты.



Қазақстанда
30 ЖЫЛ

Табысты серіктестікке 30 ЖЫЛ

Болашаққа бірге ұмтыламыз

Біз 1993 жылы Қазақстанмен әріптестік орнатқан алғашқы халықаралық энергетикалық компаниялардың бірі болдық. Сол кезден бастап «Шеврон» прогресті алға бастырып алып қуаттың көзіне айналды.

Отыз жылдық тарихы бар стратегиялық серіктестік барысында біз мыңдаған жұмыс орындарын ашып, отандық тауарлар мен қызметтерді пайдаланып, жергілікті мамандарды жетілдіруге күш салу арқылы Қазақстан экономикасының дамуына айтарлықтай үлес қостық. Осы уақыт аралығында Қазақстан әлемдік энергетикалық державаға айналды.

Бүгінгі таңда «Шеврон» Қазақстанмен табысты ынтымақтастығының 30 жылдығын мақтанышпен атап өтуде.

Біз адамдардың өмірін жақсартуға, әлеуеттерін арттыруға және болашаққа бірге қадам басуға дайынбыз.

Толығырақ ақпарат <https://www.chevron.com/worldwide/kazakhstan> сайтында

the
human
energy
company



LRT ІСІНЕ ҮКІМ ШЫҚТЫ

Елордадағы Astana LRT құрылысына қатысты қылмыстық іс бойынша сот үкімі шықты.



Іске төрелік жасаған судья Виктория Семенованың айтуынша, Ачилов, Әбдіхамитов, Ардан және Сұлтанбеков келтірген материалдық залал үшін мемлекет пайдасына 728 миллион 806 мың 747 теңге қайтарылып, 21 миллион 864 мың 202 теңге көлемінде мемлекеттік баж өндіріп алынады. Материалдық залалды өтеу мақсатында мемлекет пайдасына Аманжолов, Нұрпейісов, Әбдіхамитов, Ардан, Сұлтанбековтен бюджетке 1 миллиард 736 миллион 915 мың 564 теңге қайтарылып, 52 миллион 107 мың 467 теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндіріп алынады.

Мемлекет пайдасына Қасабаевтан 20 миллион 583 мың 333 теңге қайтаралып, 617 мың 500 теңге көлемінде мемлекеттік баж өтеледі.

Материалдық залалды өтеу үшін Мүсеновтен мемлекет пайдасына бюджетке 13 миллион 333 мың 333 теңге қайтарылып, 400 мың теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндіріп алынады.

Әбдіхамитовтан мемлекет пайдасына 204 миллион 651 мың 785 теңге қайтарылып, 6 миллион 139 мың 554 теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өтеледі. Материалдық залалды өтеу бойынша мемлекет пайдасына Аманжолов, Нұрпейісов, Әшім, Ардан, Сұлтанбековтен 1 миллиард 133 миллион 283 мың 923 теңге қайтарылып, 33 миллион 998 мың 518 теңге көлемінде мемлекеттік баж өндіріп алынады.

«Сотталғандарға азаматтық талап қою бөлігінде үкімді ерікті түрде орындау үшін 30 тәулік белгіленді», — деп толықтырды судья.

Өзекті

(Басы 1-бетте)

Жалпы, тау-кен металлургия өнеркәсібінің жалпы ішкі өнімдегі үлесі 17,5 пайыз шамасында, экспорт құны 10,5 млрд долларға жуықтайды. 2021 жылы мемлекеттік бюджетке салық түсімдері 25 пайызға өсіпті. Себебі әлемдік шикізат нарығындағы бағалар біршама өскен болатын. Алайда былтыр тау-кен өнеркәсібіне шетелдік инвестицияның 11,7 пайызға артуына қарамастан, сектордағы өсім қайта төмендеді. Жоғарыда айтқанымыздай, халықаралық нарық қанша құбылғанымен, салада жаңа техника жоқтың қасы, көбі — кенес дәуірінен қалған, әбден тозған технологиялар, оның үстіне басқару тәжірибесінде қиындықтар бар.

Бұл жайттардан құзырлы органдар да хабарсыз емес, мәселені ашып айтудан қашпайды. Сөйте тұра, күрделі мәселелер бүгін-ертең шешіле қоймасы тағы анық. Ендеше, қазынаны кампайтып отырған саланың үлерісіне көңіл толмастық қашанға дейін созылары белгісіз. Жер қойнауын игеру мен аса маңызды пайдалы қазбалардың өндірісін дамытуға қатысты өзекті мәселелер көтерілуде. Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министрі Иран Шарханнның айтуынша, пайдалы қазбалардың қоры жағынан еліміз үздік мемлекеттердің қатарында. 2017 жылы жүргізілген құқықтық реформа арқылы геологиялық барлауға жеке инвестицияларды тартуға жол ашылыпты.

«Қабылданған шаралардың нәтижесінде 700-ден астам отандық юниор компания құрылып, сондай-ақ республикаға әлемдік нарықтың ірі ойыншылары тартылды. Қазір белгіленген учаскелерде зерттеу жұмыстарын нығайтып, геологиялық мәлімет алудың перспективаларын айқындау үшін мемлекеттік бюджеттің есебінен жер қойнауына мемлекеттік геологиялық зерттеу жүргізіліп жатыр», — дейді ол.

ТАУ-КЕН САЛАСЫНЫҢ ТҮЙТКІЛДІ ТҰСЫ



Зерттеу демекші, еліміз расында пайдалы қазбаларға бай болғанымен, игерілмей жатқаны жетерлік. Соның бәрі, түптеп келгенде, салада жүйелі зерттеудің аздығын көрсетеді. Енді кеш те болса Геология комитеті 2027 жылға дейін белгіленген отандық геология саласын дамыту тұжырымдамасын іске асыруда.

«Қазақстанда геологиялық зерттеу мен барлау жұмыстарын күшейту үшін жүйелі шараларды қабылдауға тура келді. Осы бағыттағы өзекті мәселелерді шешудің тетіктері Геология саласын дамытудың 2027 жылға дейінгі тұжырымдамасында айқындалған. Маңызды құжаттың негізгі мақсаты — пайдалы қазбаларды барлау ісіне инвестиция тарту үшін қолайлы жағдай жасау», — деп мәлімдеген комитет.

Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің дерегіне, «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» кодекс қабылданғаннан бері Қазақстан 2023 жылдың 27 наурызы мен 1 қыркүйегі аралығындағы мемлекеттік жер қойнауы қорын басқару бағдарламасына шамамен 1,6 миллион шаршы шақырым аумақты енгізген.

Ендігі мәселе — ескі технология. Қазақстан Үкіметінің бағалауынша, цифрлы технологияның жұмыс істеуі 25 млрд доллар пайда әкелуі мүмкін. Соның 9 миллиарды тау-кен секторынан алынбақ. Алайда елде 2017 жылы өткізілген талдау деңгейіне қарағанда жағдай мез емес. Себебі көптеген тау-кен байыту және металлургиялық комбинаттар Кеңес заманында тұрғызылған, тиімділік пен өндіріс қауіпсіздігі бойынша

талаптарға сай емес. Тау-кен кәсіпорындарының жартысынан астамы әлі 2.0 Индустрия кезеңінде, толық автоматтандырылмаған. Сала бойынша сарапшы Артур Поляковтың айтуынша, елде қатты қазба байлықтың түр-түрі бар, бірақ соны іздестіру, барлау жұмыстары кенжелеген. Шикізат потенциалын айта келе тоқтайтын бір байлам — жер қойнауын пайдалану саласында жаңа саясат енгізу қажет.

«Жаңа саясат енгізгенде ғана тәуір экономикалық нәтижеге қол жеткізіп қоймай, жаңа зауыт салуға дайын шетелдік ірі компаниялар үшін перспективалы болып көрінуге болар еді», — дейді ол.

КӨМІР ӨНДЕУГЕ ДЕ КӨНІЛ БӨЛУ КЕРЕК

Жалпы, тау-кен өнеркәсібін айтқан тұста көмір өңдеуді де назардан тыс қалдыра алмаймыз. Қазір көгілдір отынмен қамту үлесі артуда, балама қуат көздері дами бастады. Соның нәтижесінде, отандық энергетика нарығында көмірге деген сұраныс біршама азайған. Әйтсе де, қатты отынның бұл түрін көдеге жарату үшін басқа да амалдары жетерлік. Ресми дерекке жүгінсек, жыл сайын елімізде шамамен көмірден 3,5-4 мың тонна көлемінде кокс өнімі өндіріледі. Сөйте тұра 2016-2020 жылдар кезеңінде Қазақстанға өзге елдерден 4 млн 500 мың тоннадан астам кокс импортталған. Тау-кен кәсіпорындарында аталған өнімге тапшылық байқалып отырғанын, сондай-ақ оны сырттан қымбат бағаға алуға мәжбүр екені байқалады. Сала мамандары көмірді ұқыпты өңдеу арқылы одан жасанды графит, нафталин және антрацен сынды пайдалы өнімдер өндіруге болатынын көптен айтып жүр. Тұтастай

алғанда, көмірді қайта өңдеу ісі 400-ден астам түрлі өнімнің өндірісіне жол ашады. Ал олардың құны кәдімгі көмірдің құнынан 20-25 есе жоғары.

Көмір-химия саласының дамуы қатты отынның сапасын жақсартуға ықпал етеді. Мәселен, Ұлыбританияда түтінсіз жанатын көмірді өндіру тәсілдері зерттеліп, оны жағу кезінде атмосфераға заттар таратпаудың технологиясы менгерілген. Сондықтан көмір шикізатының маңыздылығын ескеруіміз қажет. Еліміздегі жылу электр стансаларында электр энергиясының шамамен 70 пайызы көмірді жағу арқылы өндіріледі. Бір жағынан Қазақстандағы көмірді өңдеу саласының кенжелеп қалуы тиісті жобаларды іске асырудың қымбаттылығы мен мемлекеттік қолдаудың жоқтығымен тікелей байланысты. 34 млрд тонна көлеміндегі көмірдің үлкен қоры бар, әлемдік көмір қорының 4 пайызына иеміз. Бұл тұста жанымыздағы Ресейдің тәжірибесіне жүгінсек те артық етпейді. Көрші елде көмір өнеркәсібін дамыту бағдарламасы аясында көмір өнеркәсібінің перспективалы бағыты ретінде өңірлердегі көмірді терең өңдеуге басымдық берілген. Салықтық жеңілдіктер береді, өндірушілерді ынталандыра алады.

Түйіндей келгенде, тау-кен саласында ең маңызды екі мәселе тұрғанын аңғардық. Біріншісі әлі күнге дейін жүйелі зерттеудің дамуына болса, екіншісі — ескірген технологияның өрге шығармай тұрғаны. Ал оның бәрі сайып келгенде қаржыға тірелетіні анық. Шетелдік ірі компаниялар атсалыспайынша, проблемаларды толық шешу мүмкін емес секілді.

М.ТӨЛЕУ

ШЕҢГЕЛДІНІ ШІРКЕЙДЕН ҚҰР ҚАҒАЗ ҚҰТҚАРМАЙДЫ

Түркістан облысына қарасты Отырар ауданының 55 мыңға жуық тұрғыны биыл тағы да шіркейдің шырмауында қалды. Былтыр дәл осы уақытта аудандағы қарасты барлық ауылды шіркей басып, жұрт көшеге шыға алмай қалған. Төрт түлік мал мен егін шаруашылығымен жан бағатын жұрт ерте көктемнен бастап, жаздың бел ортасына дейін үсті-басын тұмшалап, шіркеймен арпалысып шыққан.

Назғұл НАЗАРБЕК

МАЛДЫҢ ТӨЛІН ТАЛАП ӨЛТІРДІ

Өкінішке қарай, билік өткен жылдан сәл де болса сабақ алмапты. Баяғы жартас — сол жартас. Кабинеттерінде өз жұмыстарын алаңсыз атқарып отыр.

Шеңгелді ауылының тұрғыны Хамит Адакканов ауыл жұрты соңғы 10 жылдан бері, яғни Көксарай су қоймасы салынғалы шіркеймен алысып, азапты күндерін өткізіп жатқанын айтты. Әсіресе, былтыр және биыл шіркейдің жөні бөлек.



кейдің талауына түскен құландар да тосыннан келген тажалға шыдас бермей өліп жатыр.

Бұл — Шеңгелдідегі 100 шақты түтіннің жәнәйкайы. Одан бөлек, Балтакөл, Байырқұм, Көксарай, Арыс ауданының бірнеше ауылы да қосқанатты жәндіктермен арпалысып, күн өткізіп жатыр.

Балтакөздік шаруалар егіс алқабына бару үшін жәндіктері сәл саябырситын уақытты, яғни қас қарайғанын күтетінін айтты.

ДӘРІЛЕУГЕ 643 МЛН ТЕНГЕ БӨЛІНГЕН

Осыдан бір апта бұрын Түркістан облысының Өңірлік коммуникациялар қызметінде журналистерге брифинг өткізген жауапты сала өкілдері шіркеймен күресте қыруар тірлік атқарылып жатқанын айтқанды.

жұмсалса, қалғаны аумақты залалсыздандыруға қажетті дәрі-дәрмек алуға, жұмысшылардың еңбек ақысын беруге бағытталған. Демек, дәрілеу шараларына 600 млн теңге қаралған.

Ал зиянкестермен күресуге бірден-бір жауапты мекеме — Satti Tulik ЖШС директорының орынбасары Қайрат Ерменұлы шыбын-шіркей, масаға қатысты зерттеу жұмыстары күнделікті жүргізіліп отырып жеткізілді.

параттар талапқа сай 2 рет қолданылды. Онда біз екі реттен биологиялық жұмыстар жүргіздік. Әр шіркей 100-ден 200-ге дейін ұяшық тастайды.

Серіктестік директоры орынбасарының айтуынша, мамандар шіркей ұяшықтарының 85 пайызын жойған. Сонда ауыл халқы ұяшықтардың 10-15 пайызынан шыққан шіркеймен ғана алысып жүрген болып шығады.

ЖЕЛІМЕН ЖАН САҚТАҒАН ЖҰРТ
Отырар ауданының әкімдігі Отырар ауданы мен Арыс қаласының шекаралық

аумағында орналасқан «Көксарай» су реттегіші шіркейдің таралу, яғни дернәсілдерінің жетілу ошағы болып отырғанын растайды. Отырар ауданы аумағындағы канатты жәндіктерге қарсы гидроауағана зияны жоқ залалсыздандыру жұмыстары соңғы рет 2020 жылы «Көксарай» су реттегішінің шлюздері арқылы Түркістан облысы әкімдігінің Энергетика, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы тарапынан жүргізілген екен.

Осы орайда 2020 жылы өңірде канатты жәндіктерге зерттеу жүргізіп, олармен күрес жүргізуде едәуір нәтиже көрсеткен Алматы қаласындағы Зоология институтының жетекші ғылыми қызметкері, биология ғылымдарының кандидаты Перизат Есенбекованы сөзге тартқан едік.

Сала маманы биыл халықтың шулап жатқанына қарағанда дернәсілдер дер кезінде өлтірілмей қалып жатуы мүмкін екенін айтты. «Әйтпесе, сөзсіз бір нәтижесі болуы керек қой. Қорытындысы неге көрінбей жатыр? Мұны облыс әкімдігінің өзі тікелей бақыламаса болмайды», — дейді ғалым.

Ал біздің зиянкестермен күрес жүргізу тапсырысын ұтып алған серіктестік басшылығы 85 пайызын жойды деп айды аспанға бір-ақ шығарды.

Дәл бүгін оларды жел құтқарып тұр. «Бір кездері желден зәреzap болушы едік. Қазір жел тұрғанын тілейтін болдық.

Жауаптылардың шіркейді қағаздағы есеппен жоюға тырысқан әрекетінің салдарынан жұрт желдің басылмауын тілейтіндей халге жеткен.

Түркістан облысы

Ел ішінде

Есіл өзенінің Атбасар ауданы тұсындағы бірнеше ауылдың тұрғындары дабыл қақты. Сәуір айының басында суға кеткен малдың өлекселері әлі күнге өзеннен шығарылмаған екен.

ӨЗЕНДЕ ӨЛЕКСЕ ҚАЛҚЫП ЖҰР



Естеріңізге сала кетсек, сәуір айының алғашқы күндері қатты боранның салдарынан Атбасар ауданындағы Ақан Құрманов, Қосбармақ, Карақол, Сергеевка, Алғабас сияқты бірнеше ауылда ондаған жылқы мен сиыр суға батып арам өлген.

— Есіл өзенінде суға батқан малдың өлекселері толып жатыр. Теңкейіп-теңкейіп жатқан мал әлі күнге дейін суда жатыр. Қолқаны қабатын жағымсыз иісі қазір ауылдарды алып кетті.

— Аталған мәселе жергілікті атқарушы органдар мен ауданның ветеринарлық қызметінің тікелей бақылауында. Алдағы күндері малдың өлекселері жойылмаған барлық учаскеде тиісті жұмыстар жүргізілмек.

Ал өңірдің Экология департаменті мен санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау қызметі бұл жағдайдан мүлде хабарсыз болып шықты.

— Бізге мұндай хабар түспеді. Дегенмен мал өлекселері ағын суда жатқан болса экологиялық жағдайға әсер ететіні анық. Бірақ аталған мәселені санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау қызметінің мамандары қарап, судан сараптамалық талдау алып, тексеруі керек.

— Мұндай оқиға туралы сізден естіп отырмын. Әзірге ешқандай жұмыс жүргізілмегендіктен нақты еш нәрсе деп айта алмаймын.

Мал өлексесі суда айлап жатуына алаңдаған тұрғындардың жәнәйкайы, әрине, орынды. Дегенмен әкімдіктен бастап құзырлы органдардың ешқайсысы мәселеге еш назар аудармаған.

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,
Ақмола облысы

Сепніп



ГАЗДАНДЫРУ ЖҰМЫСТАРЫ ҚАРҚЫН АЛДЫ

Сыр өңірінде газдандыру жұмыстары ойдағыдай жүргізіліп жатыр. Бұл бағытта өткен жылы 14 жобаны жүзеге асыруға 8,7 млрд теңге бөлініп, 6 ауыл газға қосылған.

Жалпы, облысқа қарасты 7 аудан мен елді мекендерді көгілдір отынға қосу жұмыстары кезек-кезегімен жүргізіліп келеді.

Соның жылдары Арал ауданындағы Жақсы-қылыш кенті, Шиелідегі Байсын мен Қазалыдағы Ғани Мұратбаев ауылына табиғи газ тартылып, қала маңындағы Қарауылтөбе елді мекені көгілдір отынның игілігін көрді.

Ал былтыр 10 жоба түзіліп, оны іске асыру үшін қоматқы қаржы қаралды. Оның ішінде Жанакорған ауданындағы Бірлік пен Қыраш, Аралдағы Сексеуіл кенті, Қармақшыдағы Төретам мен Ақай ауылдары, Қазалы ауданына қарасты Жалантөз Баһадүр, Басықара, Қ.Пірімов елді мекендері, Шиелідегі М.Шоқай ауылы маңынан газ тарту стансасын салу жоспарланған.

«Өткен жылы облыс аумағында жүргізілген жұмыстар нәтижесінде 26 елді мекен, 583 мыңға жуық тұрғын табиғи газбен қамтылды.

жаңғырту жұмыстары қолға алынған. Соның арқасында кенттегі 70 шақырымға жуық электр желісі жаңартып, қосымша жанадан 23 трансформатор орнатылды», — дейді облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев.

Ақүйік ауылдық округіндегі Бірлік ауылына газ құбырын Gas Energy Construction ЖШС жүргізді. Жоба республикалық және облыстық бюджеттен қаржыландырылып, 440 тұрғын үй мен 5 әлеуметтік нысан газдандырылды.

Алдағы уақытта тағы да 5 ауылды газбен қамту жоспарланған.

Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ,
Қызылорда облысы



